

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы
АТА-АНАЛАРМЕН ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
Хаттамасы**

Ақтөбе қаласы

№1

14.09.2022 жыл

Қатысқандар: №39 «Достық» б/б басшысы А.Ж.Уркимбаева, медбике Г.О.Тайшиева, диетмедбике Ж.К.Таубаева, әдіскер А.С.Аманжолова, психолог Г.Н.Абилова, ата-аналары

Күн тәртібінде:

1. Топтар бойынша балалар жас ерекшеліктері
2. Ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.
3. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстары. Жаңа мемлекеттік стандартымен, оқу жоспарымен, бағдарламамен таныстыру
4. 2022-2023 оқу жылының ата-анамен жұмыс жоспарымен таныстыру.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.

Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу -білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

Бөбекжай-балабақшасының әкімшілігі мен мамандарының қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы алдында №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы туралы бейнеролик көрсетілді, саулнама жүргізілді.

Тыңдалды: Бірінші сұрағы бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева 25.08.2022 жылдың №149, 150 бұйрықтармен таныстырды. №39 «Достық» балабақшасының 2022-2023 оқу жылына әзірлеу бойынша жұмыстар мәлімет берді: жылдық жоспар, ұйымдастырылған әрекеттерінің кестелерін, жас ерекшеліктеріне байланысты топтардың күн тәртібін дайындалды; барлық топтарда пәндік-дамытушылық орталар жаңартылды. Барлық жас ерекшеліктеріне байланысты топтар бойынша көрнекі дидактикалық, үлестірме материалдарын, топтық бөлмелердің жабдықтауын, топтық құжаттамаларын әзірлеуін бойынша тақырыптық тексерістің нәтижесімен таныстырды. Сонымен қатар, оқу жылының күзгі-қысқы жұмыс мерзіміне электр, су, жылу қондырғысының дайындығының төлқұжатымен таныстырды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде және мектепке дейінгі білім мен тәрбие беруді тиімді ұйымдастыру мақсатында 2022-2023 оқу жылында топтар келесідей құрылды:

№	Топ атауы	Топ	Оқыту тілі	Жасы	Саны
1	Балапан	Кіші	қазақ	2-3	20
2	Ақбота	Кіші	қазақ	2-3	20
3	Айналайын	Ортаңғы	орыс	3-4	26
4	Балдәурен	Ортаңғы	қазақ	3-4	29
5	Бұлақ	Ортаңғы	қазақ	3-4	32
6	Жұлдыз	Ересек	қазақ	4-5	29
7	Күншуақ	Ересек	қазақ	4-5	32
8	Қызғалдақ	Ересек	орыс	4-5	32
9	Бәйтерек	Мектеп алды	қазақ	5-6	34
10	Асылтас	Мектеп алды	орыс	5-6	26

01.09.2022 жылға құрылған топтар бойынша жалпы саны 280 тәрбиеленушілер.

Екінші сұрағы бойынша ата-аналар МКҚК №39 "Достық" бөбекжай-балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары үшін жасалған Ішкі тәртіп ережелерімен таныстырылды: мекеменің күн тәртібімен, келу және кеті тәртібімен, оның ішінде таңертең қабылдау және кешкі қоштасу кезінде балаға қолайлы микроклимат құру үшін ата-ана мен тәрбиеші баланың қажеттіліктеріне қатысты қажетті ақпаратпен алмасуға уақыт табылады, баланы балабақшаға қабылдау баланың денсаулық жағдайы туралы анықтамаға дейін қабылдау қағидалары негізінде жүргізіледі. Баланың дамуы

бойынша арнайы ұйымдастырылған жеке әңгімелер жүйелі түрде, жылына 1 рет, "Ашық есік күні" сәуір айында, баланың бір жыл ішінде оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы бойынша өтеді. Сонымен қатар, мұндай әңгіме жаңа бала балабақшаға түскен кезде, бейімделу кезеңінде жүзеге асырылады. Балабақшада тәрбиеші психологтың ата-аналармен ынтымақтастығында баланың жеке басының қалыптасуының маңызды кезеңдерін көрсететін "баланың даму папкасын" жүргізіледі. Сұрақтармен, проблемалармен, ұсыныстармен тәрбиешіге, психологқа, МДҰ мамандарына, меңгерушіге хабарласуыңызды сұраймыз. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарыңыз құпталады.

Үшінші сұрағы бойынша әдіскер А.С.Аманжолова мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Слайд-презентация, материалдар қосымшада. Сонымен қатар, ата-аналарды «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды Моделімен» таныстырды. Слайд-презентациясында Модельдің мақсаты мен міндеттерін түсіндірді:

Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау. Модельдің міндеттері: оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау; қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету; педагогтердің деңгейінде және білім беру ұйымдарының деңгейінде мектепке дейінгі ұйымдардың күнделікті жұмысында зерттеу жұмысының мәдениетін қалыптастыру. Жаңа мемлекеттік стандартымен, оқу жоспарымен, бағдарламамен таныстырды: тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы ісшаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады.

Төртінші сұрақта ата-аналар 2022-2023 оқу жылының ата-анамен жұмыс жоспарымен таныстырылды.

Бесінші сұрақта 2022-2023 оқу жылына келесі құрамда ата-аналар комитеті сайланды:

№	Топ атауы	Ата-ананың аты-жөні	Жұмыс орны	Байланыс н
1	Балапан	Сепбай Махаббат Ескендірқызы	№6 КДП, лаборант	87476217795
2	Ақбота	Ботагарина Арайлым Абаевна	Жеке кәсіпкер	87471765973
3	Айналайын	Сулейменова Мадина Юрьевна	Бала күтіміндегі	87772551036
4	Бұлақ	Айтуганова Гүлнур Айтуғанқызы	Бала күтіміндегі	87072440898
5	Балдәурен	Бегалиева Гүлназ Жумағалиевна	Жеке кәсіпкер	87715184554
6	Күншуақ	Қайдолла Сәндігүл Жұбанышқызы	Бала күтіміндегі	87755043531
7	Жұлдыз	Карасаева Айсұлу Еламановна	Автопарк есепші	87756170687
8	Қызғалдақ	Мазур Юлия Юрьевна	Бала күтіміндегі	87052535313
9	Бәйтерек	Мұхамбетқалиқызы Айым	Жеке кәсіпкер	87024398886
10	Асылтас	Казначеева Анна Сергеевна	АЗХС бейне бақл	87056059615

Сөйлеушілер:

Қайдолла Сәндігүл (ата-ана): бүгін жалпы жиналысына қатысып, көптеген мәліметтер алдық. Оқу-тәрбие жұмыстырыңызда көп өзгерістер енгізілген. Алдағы уақытта барлығымыз бірге осы жұмысты бірге жасап, балаларымыз физикалық дамыған, ізденімпаз, өзіне сенімді, өзі, отбасы, қоғам, ел, әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие, балабақшаның түлегі болып шығады деп сенімдеміз.

Ажигалиева А. (ата-ана): балабақша таза, жарық, балаларға тәрбие беруге барлық жағдай жасалған. Ойда жүрген өзекті сұрақтарға жауаптар алдық. Балабақшаның ұжымына жаңа оқу жылына сәттілік тілейміз.

Махатова А. (ата-ана): Достық балабақша қалда бойынша алдыңғы қатарлы деп есептеледі. Балаларға тәрбие мен білім бере отырып, әр түрлі байқауларға да дайындап қатыстырады. Осындай ортада баламыздың тәрбиеленіп жатқаны мені қуантады. Ұжымына алғыс білдіреміз.

Шешім:

1. Ата-аналарға білім беру процесінің қатысушылары болуға мүмкіндік беру; ата-аналар үйде баланың толық дамуына жағдай жасау үшін консультациялық көмек беру.
2. Бөбекжай-балабақшадағы ұйымдастыру мәселелі жүйелі жүргізу жалғастырылсын.

Жиналыстың төрайымы: _____

Жиналыстың хатшысы: _____

А.Ж.Уркимбаева

Г.Н.Абилова

